

# МАЙДАНГЕР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІНІҢ МҰРАСЫ АРХИВКЕ САҚТАУҒА ҚАБЫЛДАНУДА.

## МАЙДАНГЕР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІНІҢ МҰРАСЫ АРХИВКЕ САҚТАУҒА ҚАБЫЛДАНУДА

Әлі Бекқұлы Әліұлы көпшілік оқырмандарға таныс деп ойлаймыз. Өз ауданы Тұрар Рысқұлов ғана емес, облысқа танымал өлкетанушы, ауданынның құрметті азаматы, ардагер ұстаз.

Жер жаһанды кезбесе де Ресей, Белорус елдерінің біраз жерлерін шарлап, оның ішінде Ленинград, Петербург, Новгород, Тверь, Волоколоск, Зубцовск, Ржев, Великие Луки, Смоленск, Псков, Воронеж, Тула, Минск, Гомель, Брест қалаларына барып, жауынгерлер зиратын тауып, ресми деректер мен құжаттар жинаған. «Парыз» қоғамдық бірлестігін құрып, жат жерде қаза тапқан жамбылдық майдангерлер жөнінде келер ұрпаққа мол мұра қалдыра білген жан. Осы майдангерлер туралы деректерді жинастырып, көпшілікке «Парыз» атты кітабын ұсынды. Кітапта көпшілікке беймәлім жандардың есідері мен құнды деректері қамтылған.

Осы ретте қазыналы қарттың мұрасын архивке қабылдап, жас зерттеушіге жеткізуді архив қызметкерлері місе тұтты десек артық айтқандық емес. Ізгілікті істі өзі бастап, архивке Ресей Федерациясының Белгород, Воронеж, Псков, Ржев, Брянск әскери комиссариаттарынан алынған жамбылдық майдангерлер тізімі, Брест қамалын қорғаған майдангерлер, хат алмасулары, «Парыз» атты кітабы, марапаттаулары, өмірбаяны мен жеке бас суреттері облыстық архивке қабылдануда.

